

**Астана қаласы әкімдігінің № 60 «Арай» балабақшасы» МКҚК  
қосымша ақылы қызмет көрсету**

**Қағидасы**

**1. Жалпы ережелер**

**1.1.** Осы Қағида ҚР-ның Азаматтық Кодексіне, ҚР-ның «Білім туралы» Заңына, «Мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидасына», №60 «Арай» балабақшасы» МКҚК Жарғысына, білім саласында әрекет ететін басқада нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген. Осы Қағида ұйымның қосымша ақылы қызмет көрсету (бұдан әрі - ҚАҚК) ережесін реттейді.

**1.2.** Астана қаласы әкімдігінің № 60 «Арай» балабақшасы» МКҚК (бұдан әрі мәтінде №60 «Арай» балабақшасы):

- № 60 «Арай» балабақшасы Стратегиялық даму жоспарын толық және тұтастық орындалуын қамтамасыз ету;
- ата-аналардың сұраулары мен тәрбиеленушілердің дене күшінің, шығармашылық, білім алу мұқтаждығын қанағаттандыру;
- № 60 «Арай» балабақшасының пәндік-дамыту ортасы мен бюджеттік қаржыландыру тапшылығынбірен-сарандап жабу;
- Бюджетті қосымша көзден толтыруын ұсыну арқылы № 60 «Арай» балабақшасының қызметкерлерін материалды жүйелендіру мақсатында қосымша ақылы қызмет көрсетуді ұсынады.

**1.3** №60 «Арай» балабақшасында ҚАҚК бюджетке сәйкес қаржыландыру есебінен негізі білім берудің орнына көрсетіле алмайды (негізгі білім беру бағдарламасы мен мемлекеттік білім беру стандарты аясында) және бюджеттен тыс қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**1.4.** Қызмет көрсету «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңына сәйкес оны алушылардың рұқсатымен ғана көрсетілуі мүмкін. Алушының қосымша қызмет көрсетуден бас тартуы оған көрсетілген негізгі қызметтің азаюына себеп бола алмайды.

**1.5.** Осы Қағидада мынадай түсінік қолданады:

- *Тапсырыс беруші* – тапсырыс беруге, немесе қызмет көрсетуді алуға тапсыруғаниеті бар жеке тұлға. Бұл жерде - ата-аналар немесе оларды алмастырушылар (баланың заңды өкілдері);
- *Тұтынушылар* – жеке мұқтаждығы үшін қызмет көрсетуді алатын жеке тұлға. Бұл жерде тәрбиеленушілер.
- *Қызмет көрсету* – еңбектің құқықтық қарым-қатынасы негізінде іске асырылатын қызметін алмағанда, басқа тұлғалардың мұқтаждығын қанағаттандыруға бағытталған азаматтың немесе заңды тұлғаның қызметі.
- *Орындаушы* – қосымша ақылы қызмет көрсетуді шарт бойынша көрсететін №60 «Арай» балабақшасы» МКҚК.

**2. Қосымша ақылы қызмет көрсету тізімдемесі**

**2.1.** № 60 «Арай» балабақшасының Жарғысына сай мына қосымша ақылы қызмет көрсету жүзеге асырылсын:

- мектепке дейінгі ұйымының тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- мектепке дейінгі ұйымының тәрбиеленушілерінің арасында балалар спортын және дене күшін дамыту;
- мектепке дейінгі ұйымының тәрбиеленушілерінің коммуниактивті қабілеттерін дамыту;
- мектепке дейінгі ұйымының балаларының зияткерлігін дамыту;

- мектепке дейінгі ұйымының балаларына арналған кезекші тобының және демалыс күні тобының қызметін көрсету.

**2.2. № 60 «Арай» балабақшасында қосымша ақылы қызмет көрсету жөніндегі іс-әрекетін ұйымдастыру және енгізу кезінде мына локальды актілері болуы тиіс:**

- қосымша ақылы қызмет көрсету тарифі;
- «Қосымша ақылы қызмет көрсету туралы» Қағидасы;
- қосымша ақылы қызмет көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрығы;
- № 60 «Арай» балабақшасының меңгерушісімен бекітілген қосымша ақылы қызмет көрсету бойынша жұмыс жоспары;
- ақылы қызмет көрсету бойынша сабақ кестесі;
- қосымша ақылы қызмет көрсетуге тапсырыс берушілермен жеке шарттары;
- білім беру барысында оқытындардың (тәрбиеленушілердің) өмірі мен денсаулығының жауапкершілігін қарастыратын, қосымша ақылы қызмет көрсететін жұмыскерлермен еңбек шарты;
- қатысу журналдары;
- меңгерушінің бұйрығымен бекітілген штаттық кестесі, қосымша ақылы қызмет көрсету жөніндегі тарификациясы;
- еңбекақысы, қызметкерді қабылдау негізіндегі еңбек шартының нөмірі көрсетілген, қызметкерлерді қосымша ақылы қызмет көрсетуге жұмысқа қабылдау туралы бұйрығы;
- көрсетілген қызмет үшін ата-аналардың (заңды өкілдерінің) төлемақысы жөніндегі құжаттары.

### **3. Қосымша ақылы қызмет көрсету тәртібі**

**3.1. № 60 «Арай» балабақшасының меңгерушісі ақылы қызметтің көрсетілуін жүзеге асырады:**

- баланың ҚАҚК-не ата-аналардың (заңды өкілдерінің) талабын байқап біледі, олардың басымдығын орнатады;
- әрекеттегі санитарлық ережелері мен нормаларына сай ҚАҚК өткізу үшін жағдай жасайды;
- көрсетілген ақылы қызметін ентүскен қаражаты туралы ақпаратын саралайды;
- білікті кадрларымен ҚАҚК іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- ҚАҚК іске асыруға жауапты жұмыскерлерді тағайындайды немесе қабылдайды, жалпы нұсқауды береді, тікелей басшылық етуді және олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- ҚАҚК тиімді іске асыру үшін № 60 «Арай» балабақшасының барлық құрылымдарының өзара әрекетесуін ұйымдастырады;
- ҚАҚК ұйымдастыру туралы бұйрығын шығарады, оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесін бекітеді;
- заңды және жеке тұлғаларымен еңбек қарым-қатынасын ресімдейді;
- Тапсырыс берушімен қосымша ақылы қызметін көрсетуге шартын ресімдейді;
- қосымша ақылы қызметін көрсету бойынша штаттық кестесін бекітеді;
- № 60 «Арай» балабақшасының Жарғысына сай басқа да басқару қызметін жүзеге асырады.

**3.2. ҚАҚК жөніндегі жұмысын орындау үшін № 60 «Арай» балабақшасының негізгі қызметкерлері ғана емес, сонымен басқа ұйымдар мен мекемелердің мамандары қабылдана алады.**

**3.3. ҚАҚК қосымша қызмет көрсетуге жасалған шартына сәйкес жүзеге асырылады. Шарт жазбаша түрінде екі данада жасалады, біреуі ата-ананың (заңды өкілінің) қолында қалады.**

Шартта тапсырыс берушінің (ата-ананың) және орындаушының № 60 «Арай» балабақшасы) құқықтары мен жауапкершіліктері көрсетілуі тиіс.

**3.4.** Сабақтың басталу уақыты №60 «Арай» балабақшасының мүмкіндіктерімен белгіленеді, және бюджеттен қаржыландырылатын негізгі кестесі бойынша сабаққа дейін де, сабақтан кейін де орнатылуы мүмкін.

**3.5.** Сабақ оқу жұмыс жоспарына сай жүргізіледі. Сабақтың өткізілу түрі педагогтардың өз бетімен белгіленеді.

**3.6.** ҚАҚК-ге сабақтың ұзақтығы оқу жұмыс жоспарымен белгіленеді және мектеп жасына дейінгі балалар үшін 20 минуттан 30 минутқа дейін академиялық сағаты қарастырылады.

**3.7.** Қосымша ақылы қызмет көрсетуге байланысты барлық заңды және қаржылық қарым-қатынасы шартпен реттеледі.

#### **4. Қаражатты алу және ұстау тәртібі**

**4.1.** Смета мен калькуляция негізінде ҚАҚК тарифі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өкілетті органымен бекітіледі. Қосымша ақылы қызмет көрсету калькуляциясы № 60 «Арай» балабақшасының бухгалтерімен әзірленіп, № 60 «Арай» балабақшасының меңгерушісімен бекітіледі.

**4.2.** Тұтынушылармен ҚАҚК төлемін төлеу түбіртектегі ұсынғаннан бастап 10 күн ішінде банк мекемесі арқылы жүргізіледі.

**4.3.** ҚАҚК-ге төлемі төлеу бойынша өз шығынын өзі өтеушілік шартымен ұсынылған жеңілдіктер ұсынылмайды.

**4.4.** Тәрбиеленушінің себебсіз болмауы ҚАҚК-ге төлемін төлеуден босатылу немесе азайту негіз бола алмайды.

**4.5.** Орындаушының себебімен өткізілмеген сабақтар (мерекелік күнтізбелік даталарын есепке алмағанда) қосымша көрсетілген уақытта өткізіледі.

**4.6.** № 60 «Арай» балабақшасы еңбекақыны төлеуге қаржылық-шаруа қызметінің бекітілген жоспарына, қажетті жабдықтарды сатып алуға, кәсіпорынның материалды-техникалық базасын дамытуға және нығайтуға, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, әрекеттегі заңнаманың әрі жарғылық қызметіне қайшы келмейтін басқада мақсаттарды шешуге қосымша ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражатты өзінің қарауы бойынша ұстауға құқылы.

**4.7.** Педагогтардың еңбекақысы педагогтың апталық жүктеме табеліне сәйкес (оның ішінде ҚР салық заңнамасына сай, қорларға сақтандыру жарналары мен салық төлемдері) ай сайын жүргізіледі, ата-аналармен есептесу ведомосіне сәйкес бухгалтерияға түскен қаражаттың проценттік қатынасымен жүзеге асырылады.

**4.8.** Әкімшіліктің жалпы басшылық етуі, меңгергені үшін еңбекақысы №60 «Арай» балабақшасы меңгерушісінің бұйрығына сәйкес проценттік қатынасымен төлеу жүргізіледі.

#### **5. Орындаушы мен тұтынушының жауапкершіліктері**

**5.1.** ҚР заңнамасымен қарастырылған, ұсынылған қызмет көрсетудің сапасына, процесстің қауіпсіз өту жағдайына, басқада міндетті іс-әрекеттеріне толық көлемде (сағат саны, оқу жоспарын жүзеге асыру бойынша) орындауға тапсырыс берушінің (ата-аналармен, заңды өкілдерімен) алдында №60 «Арай» балабақшасы жауапкершілікке тартылады.

**5.2.** № 60 «Арай» балабақшасының меңгерушісі ҚАҚК жүзеге асыру жөніндегі қызметіне жеке жауапкершілікке тартылады.

**5.3.** Қызмет көрсетуге тапсырыс берушінің (ата-ананың, заңды өкілдің) жауапкершілігі шартпен белгіленеді.

**5.4.** Тұтынушы көрсетілетін ақылы қызметіне шартта белгіленген тәртібімен және мерзімінде төлем жүргізуге міндетті.